

ФИЛОСОФИЯНЫҢ ҚЫСҚАША ТАРИХЫ. СОКРАТТАН ДЕРРИДАҒА ДЕЙІН

Иммануил Кант: ақылға сын

3-тарау. Жаңа дәуір философиясы.
Ағартушылық философиясы



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін
Тарау: 3. Жаңа дәуір философиясы. Ағартушылық философиясы
Дәріс: 17. Иммануил Кант: ақылға сын

Он сегізінші ғасырдың жетекші философтары британдық эмпириктер Локк, Беркли және Юм болды. Олар қоғамда өте танымал еді, олардың дүниетанымы кеңпейіл, мәрттігімен ерекшеленді. Дегенмен бұл ойшылдардың философиялық идеялары көбіне субъективизм бағытында өрбіді. Дэвид Юмнің агностикалық, тіпті скептикалық дүниетанымы Кантты «догмалық ұйқыдан» оятты және таным процесіне байланысты барлық мәселелерді жаңа қырларынан қарастыруға түрткі болды. Оның еңбектері рационалдық ойға баса көңіл бөлетін континенттік түсініктер мен сезімдік тәжірибеге назар аударатын британдық философиялық көзқарас арасындағы қайшылықтар пайда болған уақытта жазылды. Канттың туындылары түсінуге айтарлықтай күрделі; оларды жүйелеу қиынға соғады. Оны қазіргі дәуірдің ұлы философы деп есептейтіндер көп. Неміс идеализмінің дүниежүзілік философияға едәуір маңызды ықпал етуіне Иммануил Канттың қосқан үлесі мол болды.

Өмірі

Ол жарқын бояулары аз бірсарынды өмір сүрді. 1724 жылы, әкесі ерші шебер болып жұмыс істеген Шығыс Пруссиядағы Кенигсбергте, қазіргі Калининградта дүниеге келді.

Кант лютерандықтың дәстүрлі негіздерін жаңарту мақсатын көздейтін діни реформашыл қозғалыс – пиетизм рухында тәрбиеленді. Өмірінің соңында дінге құлай беріліп, дәстүрлі діни түсініктерді ұстануға көшті.

Өзінің туған қаласында орта және университеттік білім алды. Университетте оған логиканың және метафизиканың оқытушысы зор ықпал етті. Оның әсерінен өз заманындағы ғылымға, яғни Ньютон теориясына негізделген ғылымға қызығушылық таныта бастады. Біраз уақыт бойы үй мұғалімі ретінде ақша тауып күн көрді, сонан соң докторлық ғылыми дәрежені иеленіп, оқытушылыққа кірісті.

Кейінірек өмірінің осы жылдарын «сынға дейінгі» кезең деп атады. Бұл кезеңде түрлі пәндер бойынша, атап айтқанда: логикадан, физикадан, метафизикадан, этикадан, математикадан, антропологиядан, педагогикадан, географиядан және минералогиядан дәріс оқыды. Он бес жыл өткен соң, 1770 жылы, Кенигсбергте логиканың профессоры болып тағайындалды. Сол кезеңдегі университеттік білім берудің стандарттық жүйесіне сәйкес профессор мен оның студенттері қандай да бір пәнді бірқатар оқулықтар негізінде меңгеретін: ұстаз кітапты шәкірттердің пәнді игеру деңгейіне қарай түсіндіріп отырды. Канттың дәрістері формасы жағынан әдеттегідей еді, бірақ ол оқулықтарды сынауға тырысты. Ол әзілге шорқақтау болды. Студенттерге пән бойынша нақты білім берудің, сонымен қатар, оларды өз бетімен ойлай білуге үйретудің қажет екеніне сенді.

Кант өте аз саяхаттады, оның туған жерінен ұзап шығуы өте сирек еді. Алайда оның қызығушылықтары біршама кең болды; ол көпшілік ортада болуды және шетел көрген адамдармен араласуды ұнататын. Көп адамдар оны өмірі тым біркелкі, өте педант еді деп атап көрсетеді. Бізге оның «сынға дейінгі» кезеңі дәл қашан аяқталғаны белгісіз. Философиялық шығармашылығының жаңа, «сыни» кезеңі оның профессор болып тағайындалуымен байланысты. Соған қарамастан, оның негізгі «Таза ақылға сын» еңбегі 1781 жылдан бастап, тағы он бір жылға жуық уақыт бойы жарияланған жоқ. Артынша басқа да жұмыстар жазылды. Ол, баяғысынша, университетте түрлі пәндерден дәріс оқыды және көп жазды.

Өмірдің осындай аса күрделі ырғағына бейімделу үшін Кант уақытын барынша дәл есептеп, өзіне қатаң күн тәртібін жасап алды. Ол таңғы сағат бес болмай ұйқыдан тұрып, бестен алтыға дейін таңғы шәйін ішіп, темекі шегетін және алдағы күнді жоспарлайтын. Содан кейінгі бір сағат дәріс жоспарын дайындауға арналады. Дәрістердің басталуы мен аяқталуы жағынан алғанда қысқы және жазғы уақыттың кейбір ерекшеліктері болды. Қысқы уақытта дәріс сағат жетіден тоғызға дейінгі аралықта жүріп отырды, ал жазғы уақытта – сегізден онға дейін. Сосын екі сағат бойы жазумен айналысатын. Ол айналасындағылармен рақаттана әңгімелесе отырып, көппен бірге тамақтанғанды ұнататын. Түскі ас көбіне екі сағатқа созылатын да, содан соң серуендеп, түнгі сағат онға дейін оқып, ұйқыға жататын. Пруссия императоры бірде Канттың Қасиетті Жазбалар мен христиандық сенімдер туралы пікіріне ренішін білдірді. Ол өз көзқарасынан толығымен бас тартпайтынын мәлімдеді, бірақ шығармаларында немесе дәрістерінде бұл көзқарастарын қайталамауға уәде берді. Император дүние салғаннан кейін Кант өзін уәдеден



боспын деп санап, інжілдік сенім мен сыни зерденің арасындағы қайшылықтар туралы пайымдаулары баяндалған «Факультеттер жанжалы» еңбегін жариялады.

Кант нағыз дос ретінде есте қалды, ол қаржысын ұқыпты жұмсайтын үнемшіл адам болғанына қарамастан, мұқтаждарға жомарт еді. Өзіне жүктелген міндеттерге асқан жауапкершілікпен қарады. Ол Құдайға сенді, бірақ шіркеудің тұрақты мүшесі болған жоқ. Оның діни танымы практикалық сипатта болды және моральдық жауапкершілік ұғымының төңірегінде шоғырланды. Ол моральдық кеңпейілдіктің, яғни ізгі қасиеттердің дамуы дұғадан бас тартумен тікелей байланысты екенін атап көрсетті. Оған америка және француз революцияларының да идеалдары ұнады. Ол ешқашан үйленген жоқ, 1804 жылы қайтыс болды.

Ойлары

Канттың таным теориясы

«Таза ақылға сын» еңбегінде Кант, бір жағынан, біздегі білімнің бәрі бірдей тәжірибеден туындамайтынын көрсеткісі келді. Оған қоса, тіпті белгілі бір білім адам ақылының өзіндік ерекшелігіне байланысты априори берілген деп тұжырымдады. Априори – адамға әу бастан, өмірлік тәжірибе жинақтау процесі басталғанға дейін берілген деген сөз.

Пайымдаудың екі түрі бар.

Аналитикалық пайымдаулар – предикаттың мағынасы ішінара субъектінің де мағынасы бола алатын пайымдаулар: «Су – ылғал». Мұндағы суға осы қасиетті беріп тұрған ұғым – су ұғымы анықтамасының ажырамас бөлігі: «ылғал» предикаты «су» субъектісімен тығыз байланысты.

Тәжірибе априори пайымдауларды нығайтуы мүмкін, бірақ олар жалпы қабылданған мағынадағы тәжірибеге негізделмейді.

Синтездік пайымдаулар – біз мәнін тәжірибе арқылы анықтайтын тұжырымдар. «Араның шағуы мен үшін сонаның шағуынан ауырырақ болды». Эмпирикалық пайымдаулар бізге осындай сезімдік тәжірибеден белгілі.

Дэвид Юм себептілік заңы синтездік екенін көрсетті. Кант мұнымен келісті, бірақ бұл фактінің априори белгілі екенін атап өтті. Канттың негізгі мақсаты – синтездік априори пайымдаулардың болу мүмкіндігін растау.

«Таза ақылға сын» еңбегінің – метафизиканы ғылым ретінде тану мақсатында синтездік априори ақиқаттардың болу мүмкіндігін көрсету.

Синтездік априори пайымдаулар кез келген жағдайда сөзсіз ақиқат болады. Бұл априоридің өз мағынасынан туындайды. Бірақ әр жағдайда біз олардың сөзсіз ақиқаттығын олардың мәндерін білдіретін тұжырымдардың мағынасын қарапайым зерттеуден басқа, қандай да бір өзге тәсілді қолдану арқылы растауымыз қажет. Синтезділіктің мағынасы осы.

- Интуиция және логикалық пайым – білімнің екі бастауы.
- Кеңістік пен уақыт – интуицияның априори формалары. Не нәрсені де кеңістік пен уақыт ұғымдарына көшірмейінше, біз оны түсіне алмаймыз.
- Түсіну категориялары – түсінудің априори шарттары.
- Сан категориялары: бірлік, көптік, тұтастық.
- Сапа категориялары: шындық, терістеу, шектеу.
- Қатынас категориялары: субстанция және қатыстылық, себеп және салдар, объект пен субъект арасындағы өзара байланыс.
- Модальдылық категориялары: мүмкін және мүмкін емес, бар болу және бар болмау, алдын ала айқындық және кездейсоқтық.
- Интуицияның априори формаларын пайым категорияларымен біріктірген кезде біз білім көздеріне қалай жетуге болатынын саналы түрде ұғынамыз. Ғылыми жорамалдар – синтездік және априори.
- Теология саласында, егер бізде эмпирикалық дәлелдеме болмаса, Құдайдың бар екенін растайтын сенімді дәлел ұсына алмаймыз.



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін
Тарау: 3. Жаңа дәуір философиясы. Ағартушылық философиясы
Дәріс: 17. Иммануил Кант: ақылға сын

Ғылым постулаттары

Ғылыми жорамалдар синтездік және априори ма? Біз Дэвид Юм философиясын зерттеген кезде ғылыми білімді алуға қажетті әртүрлі принциптер мен құралдардың өте сақ және байқап қолданылуы тиіс екенін дәлелдейтін ғылым постулаттарының тұтас бір тізімін қарастырдық. Канттың ғылыми болжамдарды синтездік және априори деп тұжырымдайтын көзқарасы бізге пайдалы ма? Ғылыми білімді ұғыну жолымыздың – әдістемеміздің тәжірибемізге негізделмейтіні, бірақ білімді ойлау ерекшеліктерімізге, санамыздың құрылымына байланысты алатынымыз рас па? – деген сауалдарды қояды өз оқырмандарына Дерек Джонстон.

Канттың уақыт және кеңістік теориясы

Кант уақыт пен кеңістікті – біз тәжірибелік жолмен зерттейтін барлық объектілерді ойша сыйғызуымыз қажет әлдебір формалар ретінде қарастырды. Алайда Канттың пікірі бойынша, тәжірибенің өзі біздің кеңістік туралы түсінігіміздің бастауы емес; кеңістіктің бар екенін біз қоршаған дүниедегі, яғни санамыздан тысқары объектілерді зердемізбен ұғынған сайын сезінеміз. Кеңістік шегінің болмауын ұғыну біз үшін тіпті мүмкін еместей. Бұл жай абстрактілі идея ғана емес. Тек бір ғана тұтас кеңістік бар. Барлық басқа «кеңістіктер» сол тұтас кеңістіктің бөлшегі саналады, ешқандай да жеке кеңістік жоқ.

Кант Евклид геометриясы априори белгілі болды, бірақ оны тек қана логикалық жолмен ұғыну мүмкін емес деп ойлады. Демек, ол синтездік және априори.

Уақыт туралы бұлай пайымдауға болмайтынын себеп етіп, бұған қарсылық білдіретіндер көп-ақ. Субъективті және объективті уақыт тепе-тең.

Метафизиканың соңы ма?

Пайым категорияларын біз интуиция жолымен ұғынуға болатын нәрселермен салыстыруымыз керек. Біз бұл категорияларды «өзіндік зат» деп аталатын нәрсеге қолдана алмаймыз. Мысалы, «субстанция» категориясын өзіндік затқа қолдану ол нәрселер туралы ешқандай білім бермейді. Біз Құдай сияқты сезімнен жоғары мәннің бар екені туралы қорытынды жасауға пайым принциптерін қолдана алмаймыз. Демек, метафизика пайдасыз. Бірақ Кант метафизикаға деген ұмтылысты адам зердесінің тұрақты, өзгермейтін ниеті ретінде қарастырған сияқты.

Ноумен және феномен – Кант философиясымен берік байланысқан қос термин. Сезім арқылы емес, ақыл-ойдың арқасында мәлім болғанның бәрі – ноумен. Өзіндік заттар – ноумен. Біз бұл заттардың бар екенін түйсік арқылы қабылдаймыз дей алмаймыз. Алайда бұл заттардың дүниеде бар екенін және олар біз сезім мүшелерінің көмегімен ұғынатын феномендердің болуын түсіндіретінін айта кетуіміз керек.

Философиядағы коперниктік төңкеріс

Кант: «Синтездік пайымдаулар ненің арқасында мүмкін болады?» – деген сұраққа жауап беруге тырысты. Ол «Барлық білімде қандай да бір априори құрамдас бөлік бар» деген көзқарасты ұстанды. Бұл құрамдас бөлікті білімге адамның зердесі енгізеді. Осы априори құрамдас бөліксіз ешқандай білім болуы мүмкін емес.

Оған дейінгі рационалист философтар барлық білім аналитикалық және априори болады деп түсінді. Олар білім бақылау, зерттеу, эксперимент нәтижесінде алынатын фактілерге байланысты емес деп тұжырымдады. Эмпириктер білім – синтездік және апостериори деген пікірді ұстанды. Кант екі көзқарастан да бас тартты. Оның ілімі білім атаулы кеңістіктік-уақыттық формаларға еніп, өзара себеп-салдар байланыстары арқылы шырмалғанда ғана адам оларды игере алады деп болжамдады. Осының бәрі – танып-білуші ақылдың қызметі.



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін
Тарау: 3. Жаңа дәуір философиясы. Ағартушылық философиясы
Дәріс: 17. Иммануил Кант: ақылға сын

Демек, қандай да бір заттар біздің танымымыздың нысанына айналу үшін әуелі танып-білуші ақылдың құрылымына сәйкес келуі тиіс.

Тәжірибелік ақыл

«Тәжірибелік ақылға сын» кітабында Кант ақылды іс жүзінде қолдану туралы ойларын дамытты. Бұл еңбектің өзекті ұғымы адамгершілік заңының әділдікке мұқтаждығында: бақыт – ізгілік пен адамгершілікке тікелей байланысты. Мұны тек құдіретті тылсым күш қана қамтамасыз ете алады. Бірақ құдіретті күш бұл дүниеде адамгершіліктің болуына кепілдік берген жоқ. Демек, Құдай да, өмірден кейінгі өмір де болуы тиіс. Еркіндік те болуы қажет, себебі онсыз ізгіліктің болуы мүмкін емес.

Канттың дін туралы байламдары

Кант Құдайға сенетінін ашып көрсетеді. Дегенмен өзінің «Тәжірибелік ақылға сынында» ол Құдайдың бар екенінің дәстүрлі дәлелдемелерін жоққа шығарады.

Осындай атеистік дәйектер ретінде белгілі дәстүрлі дәлелдемелер Кентерберилік Ансельмнің онтологиялық дәлелін және Акуинолық Томастың бес жолын қамтиды.

Ол белгілі бір дәрежеде формалды дәйектер ұсынуға негізделген мұндай тәсілдердің қауқарсыздығын көрсетеді. Құдайдың бар екенінің барша дәлелдемелері онтологиялық дәйекті қайталаумен ғана шектелді дейді. Оның пікірінше, онтологиялық дәйектің қиындығы – «бар болудың» предикат ретінде қарастырылуында.

Бар болу, мәселен, биіктік, байлық, мейірімділік сияқты қасиеттер тұрғысынан қарастырылуы тиіс. Кант ойдағы жүз талер монета дәл нақты жүз талерге тән қасиеттерге ие дейді. Қарастырылып жатқан мәселені түсіндірудің басқаша тәсілі аясында «Кейбір бойы ұзын адамдар жақсы киініпті» деуге болады. Бірақ «Кейбір бойы ұзын адамдар өмірде жоқ» деу мүлдем мәнсіз. Олай болса, «бар болу» деген «жақсы киінген» дегенді білдірмейді. Бар болу – предикат емес. Демек, онтологиялық дәлел қате.

Құдайдың бар екенін кездейсоқтық, космологиялық дәлел арқылы қарастырғанда Кант оны: «Бір нәрсе бар болса, онда Абсолют Мән сөзсіз болуы тиіс. Мен бармын, демек, Құдай бар» деген тұжырымға негізделетінін айтады. Осы онтологиялық дәйек Канттың есіне қалғандарын да түсіріп, сол себепті ол мұны қабылдамау керек дейді.

Ол мақсатты себеп арқылы дәлелдемеге, яғни психотеологиялық дәлелдемеге зор құрметпен қарайды, бірақ ол ең жоғары жаратушының бар екенін ғана дәлелдейді және Құдайды бұрыс түсінуге негізделгендіктен, қате деп тұжырымдайды.

Кант дәстүрлі дәлелдемелерді, олар бұрыс онтологиялық дәйекке негізделген немесе біздің Құдай туралы түсінігімізге қайшы келетін ұғымдардың айналасына құрылған деп жоққа шығарады. Бұрынғы дәлелдемелердің орнына Құдайдың бар екенін растауға сеп болатын өз моральдық дәлелін ұсынады. Таза ақыл бізді үш негізгі идеяға итермелейді: Құдай, еркіндік және ажалсыздық. Ақыл-ой осы идеялардың қалыптасуына ықпал етеді, бірақ оларды дәлелдемейді. Тәжірибелік ақыл бізге моральдық заңдардың әділдікке мұқтаж екенін дәлелдеуге мүмкіндік береді: бақыт адамгершілікпен мөлшерлес. Бұл өмірде адамгершілік пен бақыт өз бетімен бола салмайды, оған тек құдірет, яғни Құдай ғана кепіл бола алады. Сондықтан егер Құдай, еркіндік және ажалсыздық жоқ болса, адамгершілік пен ізгілік те болмақ емес.

Канттың мораль туралы байламдары

Кант теология мен физикаға тәуелсіз мораль теориясын құрғысы келді.

Мораль туралы барлық түсініктер адамның зердесінен бастау алады, олар априори. Моральдық құндылық, оның ойынша, адамның парыз сезіміне сәйкес әрекет ететін өмірінің өн



бойында қалыптасады. Жай ғана ізгі ниетті болу, өзгелердің мүддесін құрметтеу немесе игі іс жасау жеткіліксіз, өйткені адам жақсылыққа табиғатынан бейім. Барлық табиғи әрекеттер заңға сай келеді. Моральдың өзегі – адамгершілік заңдары ұсынғандай әрекет жасау қабілеті. Бұл – адамды еркін мәжбүрлейтін объективті заң. Кант оны императив деп атады. Гипотетикалық императив: «Егер у-ке тап болғыңыз келмесе, сіз х-ті істеуге тиіссіз», – деп тұжырымдайды.

Оның бұлжымайтын императиві: «Сіз х-ті істеуге тиіссіз, бірақ сіз қалағаныңызға жете алмасаңыз, бұл тек сіздің міндетіңіз, сіздің парызыңыз ғана», – дейді. Бір ғана бұлжымайтын императив бар: «Сіздің әрекетіңіз принципке бір ғана жағдайда, егер сіз бұл принциптің әмбебап заңға айналуын қаласаңыз ғана сәйкес келеді». Кант бұлжымайтын императив синтездік және априори болуы тиіс деген пікірді ұстанды. Өз императивінің мәнін Кант заң тұжырымдамасынан туындатты.

Түйін

Канттың синтездік априори пайымдаулар туралы көзқарастары әлі де талқыланып жүр. Логика ережелері, геометрия және арифметикалық заңдар синтездік және априори деп тұжырымдайтындар көп-ақ. Басқалары бұған қарамастан барлық априори пайымдаулар аналитикалық деп есептейді, ал анықтамаларды нақтылау – кез келген терминнің мағынасында қамтылған білімді тек айқын ете түспек. Бұл мәлімдемелер таза геометрия априори болуы мүмкін, бірақ синтездік емес дегенге қарсы шығады. Физиканың құрамдас бөлігі эмпирикалық геометрия – синтездік, бірақ априори емес.

Априори пайымдаулардың қысқа тізімін жасауға тырысыңыз. Айталық, бесеуін атаңыз. Сіз бұл априори пайымдауларды қалай алдыңыз? Енді синтездік пайымдаулардың қысқаша тізімін жасап көріңіз. Сіз осы синтездік пайымдауларды қайдан таптыңыз? Бұл жағдайда мына сұраққа жауап беріңіз: априори синтездік пайымдаулар қандай болуы тиіс?

Канттың категорияларды түсінуі, сондай-ақ оларға кеңістік пен уақыт ұғымдарын жатқызу туралы оның көзқарастары антиномиялардың пайда болуына әкелді. Антиномияларды қарастыру және зерттеу оларды өзінің диалектикасында қолданған Гегельге елеулі әсерін тигізді.

Ол адамның зердесін таза интеллектуалдық тұрғыда қолдану қателіктерге әкеледі деп санады; ақыл-ой моральдық мақсаттарға бағытталғанда ғана дұрыс қолданылады. Канттың адамгершілік теориясын жетілмеген деп санайтындар көп-ақ. Ол тек парыз немесе заң ұғымына ғана негізделген. Онда адам амалдарының құрамындағы моральдық мән, моральдық іс-әрекеттердің жасырын мағынасы, іс-әрекеттердің ниеті, мақсаттары, олардың түрлі жағдайларда туындайтын салдарлары сияқты құбылыстар талқыланбайды.

Сіз үшін бұлжымайтын императив қаншалықты нанымды?

Кей адамдар Канттың уақыт және кеңістік туралы теориясын артық субъективизмі үшін әшкерелеп, сынады. Олар мынадай сұрақ қойды: «Мен көріп, естіп, сезініп отырған заттарды өзім дәл осылай жасаған түрде саналы ұғынуға мені не мәжбүрлейді?» Осыған орай, ол сезім арқылы алынған ақпараттың бүкіл бастапқы көлемін зерденің реттейтінін айтты. Сонда белгілі бір жолдармен алынған ақпаратты мен жинақтамаймын, ол менің санамда, жоғарыда айтылғандай, өзінен-өзі жинақталатын болғаны ма?

Бұдан басқа, Эйнштейн теориясы уақыттың баяулауы және жеделдеуі мүмкін екенін болжады.

Эйнштейн жылдамдық ұлғайған кезде, дененің салмағы да өсе түседі деп мәлімдеді. Демек, уақыт пен кеңістіктің абсолютті болуы мүмкін емес. Жоғарыда келтірілгеннің бәрі кеңістік пен уақыттың ақыл-ойдан ажыратылмайтын категориялар екені туралы оның түсініктеріне қаншалықты әсер ете алады?



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін
Тарау: 3. Жаңа дәуір философиясы. Ағартушылық философиясы
Дәріс: 17. Иммануил Кант: ақылға сын

Қорытынды

Кант философиясы ғылымның салтанаты да, сонымен қатар, эмпиризмнің де қызу сыны болды. Оның ойынша, ғылым зерттейтін табиғат заңдары жай ғана ақиқат және әмбебап емес – олар априори, яғни сөзсіз ақиқат және әмбебап. Ғылым даму мен жетістікке жету үшін ғана пайда болған жоқ. Ол, Канттың ойынша, анықтауды және түсіндіруді қажет ететін ішкі жасырын қажеттіктер бар болғандықтан табысты дамып отыр, яғни философтар ғылымның соншалықты табысты дамуының себебі неде екенін түсінуі тиіс. Бірақ олар, сондай-ақ, этика, өнер және дін ғылыми әдіснаманың зерттеу нысанына айналған сайын немесе ойлаудың басқа түрлері де дербес, заңды, дұрыс және қажет екені анықталған кезде де ойланғаны жөн.